

«01» - 22 - 2025 ж

Ақтабе қаласы

Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Бөбекжай-балабақша" деп аталатын

«Балажан2030» ЖШС, ясли – сад «Балажан»  
(мектепке дейінгі ұйымның атауы)  
атынан басшысы

менгеруші Аймағанбетова Асима Баттыбаевна

(мектепке дейінгі ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты, болған жағдайда)  
бір жағынан және екінші жағынан

Қуандықов Амир

(баланың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

бұдан әрі "ата-ана" деп аталатын ата-анасының (баланың заңды тұлғаларының) біреуі

Қуандықова Фархат Мұратовна

(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))

(бұдан әрі – Тараптар) арасындағы қарым-қатынасты анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

### 1. Шарттың мәні

1.1. Осы шарт ясли-балабақша мен баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

### 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

#### 2.1. Бөбекжай-балабақша:

- 1) Бөбекжай - балабақшаның Жарғысын және осы Шартты сақтауға;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 20883 болып тіркелді) бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілерді қабылдауды іске асыруға;
- 3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 29031 болып тіркелді) бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 8275 тіркелді) бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелді) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етуге;
- 4) баланың өмірімен мен денсаулығын сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14235 тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруді, сапалы мекепалды даярлықты, теңгерімді тамактануды, мүлкін сақтауды (киімі, аяқ-киімі) қамтамасыз етуге;
- 5) баланың әрекетін оның жасына, жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруға;
- 6) бес күндік, алты күндік (керегін сызу) – сағ 08.00-18.30 дейін бөбекжай-балабақшаға бару кестесін жасауға;
- 7) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оналтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ, тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің



#### 2.4. Ата-ана:

- 1) балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту бойынша және ясли-балабақшада қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасауға;
  - 2) баланың бөбекжай-балабақшаның жағдайына бейімделу кезеңінде белгілі бар уақыт ішінде екі тараптың келісуімен мектепке дейінгі ұйымда болуға;
  - 3) осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;
  - 4) алдын ала мектепке дейінгі ұйымды 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
3. екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға
4. осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;
  5. алдын ала бөбекжай – балабақшаны 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

#### 3. Білім беру қызметін көрсету ақысының мөлшері және төлеу тәртібі

Баланың тамақтануы үшін 17600 теңге сомасындағы ата-ана төлемі ай сайын ағымдағы айдың 10-не дейін төленеді. Тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ тәрбиеленушінің бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда нақты келген күндерінің саны бойынша қайта есептеу келесі айдың басында жүргізіледі және төлем туралы түбіртекке еңгізіледі.

#### 4. Тараптардың жауапкершілігі

Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар ҚР – ның заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### 5. Дауларды шешу тәртібі

- 1) осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді;
- 2) тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### 6. Форс-мажор

1) су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды;

2) билік пен басқару органдарының Тараптардың тым болмаса біреуінің осы шарт міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады;

3) Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың салдарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

#### 7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

1) шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.

2) шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу оған қосымша түрінде ресімделеді.

3) шарттың әрекет ету мерзімі 01.09.2025 бастап 30.06.2026 дейін.

4) Осы шарт әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.




Дополнительное согласование

к договору № 35

Уважаемый родитель Куандоққова Саукар М.

Согласно приказа акимата Актюбинской области за № 34 от 19.02.2026 года цена за питание в детских садах г.Актобе, не зависимо от форм собственности с 02 марта 2026 года установилась в размере 1000 (одна тысяча) тенге за один день прибывания.

Заведующая



Родитель

[Handwritten Signature]